

Өскеменде жаңа зауыт пен жаңа өткел іске қосылды

15 қазан 2013 | 00:10 | Қоғам | Қаралған: 2543 | Пікірлер: 0



Кеше облысымызға жұмыс сапарымен Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан МАМЫТБЕКОВ пен Қаржы министрі Болат ЖӨМІШЕВ келді. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ бастаған жоғары лауазымды қонақтар алдымен «Алтын күх» ауылшаруашылық жәрмеңкесін аралап, бірнеше нысанның ашылу салтанатына қатысты.

Дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан жәрмеңкеге фермелер өз өнімдерін арзан бағамен ұсынуға дағдыланып қалған. Күзгі жиын-терін аяқтала салысымен Өскемендегі орталық алаңда өндіруші мен тұтынушы делдалсыз табысады. Базарлар мен дүкен сөрелеріндегі өнім бағасынан әлдеқайда арзан мұндай жәрмеңкелердің пайдалы тұсы жұртшылыққа белгілі. Ең бастысы, үйлеріне қап-қап картоп немесе сарымсақ арқалап қайтып бара жатқан жұрттың ұпайы түгел. Алаңда саудамен бірге әртүрлі мәдени және спорттық шаралар қатар өрбиді. Семейлік өнерпаздар концерт қойды.

Аймақ басшысы бастаған министрлер жәрмеңкеден соң сол жағалауда іске қосылған тауық етін толық өңдейтін жаңа зауытқа ат басын бұрды.

Тауық еті толық өңделеді

Естеріңізге сала кетейік, «Айтас-МП» ЖШС ағымдағы жылдың қаңтар айында жаңа зауыттың жобасын таныстырған болатын. 9 айдың ішінде су жаңа ғимарат тұрғызылып, цех заманауи құрылғылармен жабдықталды. Мекеме басшысының айтуынша, жобаны іске асыру үшін 2 млрд. теңге көлемінде қаржы жұмсалған. Бұл жерде дайындалатын өнімдер барлық халықаралық және ұлттық стандарттарға сай келетін көрінеді. Ет өңдейтін құрылғылар Германия, Австрия, Польша сынды Еуропа мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы өндірушілерінен сатып алынған. Өскемен құс фабрикасынан шыққан тауық еті мұнда дайын өнімге айналады. Мекеме тәулігіне 40 тонна суытылған етті қалдықсыз өңдей алады. Мұнда қазір 200 адам еңбек етеді екен. Жұмысшыларға тегін тамақтану, жуынатын, кір жуу бөлмесі қызмет көрсетіп, барлық жағдай жасалған.

Зауыттың ашылу салтанатында сөз сөйлеген облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ айтуынша, біз алдаға уақытта елге сырттан келетін азық-түлік өнімдерінің импортына бәсекелестік жасай отырып, сыртқа жіберілетін экспорттың көлемін ұлғайтуымыз керек.

- «Айтас-МП» компаниясының атқарып жатқан шаруалары жетерлік, бүгінгі ашылып жатқан зауыт - мекеме басшылығының білікті жұмысының нәтижесі. Бүгінде құс еті - бүкіл әлем халқының ең көп тұтынатын азығы. Қазірдің өзінде 1300 адамды жұмыспен қамтып отырған компания міне, тағы 200-ден астам адамға жұмыс ұсынып отыр. Елбасы тапсырмасына сәйкес азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында алда әлі талай шаруалар атқарылады, - деді аймақ басшысы.

Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков өзінің құттықтау сөзінде азық-түлік өнеркәсібінің маңыздылығына тоқталып өтті. Министрдің айтуынша, біз зауыттың өндіріс қуатын пайдалана отырып, Қазақстан мен алыс-жақын шетелдерді сапалы құс етімен қамтамасыз етуіміз керек.

- Бұл - Қазақстандағы өнімді толық дайындайтын ең ірі зауыт. Сондықтан азық-түлік саласындағы бәсекелестікке төтеп беру - басты міндетіміз, - деді Ауыл шаруашылығы министрі.

Зауыттың ашылу салтанаты да ерекше болды. Әдетте жаңа ғимараттардың ашылуында лента қиылып жататын. Бұл жолы лента орнына буылтық-буылтық жіңішке шұжық қиылды.

Теміржолдан бөгелмей өтеміз

Мәртебелі қонақтар бұдан соң Самар тасжолындағы теміржол үстінен салынған өткелдің ашылу салтанатына қатысты.

Шар-Өскемен бағытындағы теміржол ЖМК ауданы арқылы Самар тасжолымен қиылысатындықтан, үш жыл бұрын тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы өткел салу қажеттілігі туындаған болатын. 2010 жылы басталған құрылысқа республикалық бюджеттен 1,5 млрд. теңге қаржы жұмсалған.

Жаңа өткелдің ашылу салтанатында теміржол үстімен алғашқы болып Өскемен қаласындағы ретро көліктер сап түзеп өтті. Бұдан кейін құрылыс мердігері - «Шығыс автожол» мекемесінің жүк көліктері мен қонақтар өтті.

«Fresh Market» тұңғыш гастромы да қонақтар назарынан тыс қалған жоқ. Облыс әкімдігінің қолдауымен дүниеге келген орталықта қазірдің өзінде 550 адам жұмыспен қамтылған.

Министрлер фермерлер мен қала тұрғындарын байланыстырып тұрған сауда орнындағы бағалар бағамымен танысты. Бұл жерде сатылатын ет бағасы 800-1000 теңге аралығында, көкөніс бағасы да көңілге қонымды. Фермерлер мен отандық өнім өндірушілер өз тауарларын делдалсыз сататындықтан, мұндағы азық-түлік 15-20 пайызға арзан. Мұндай форматтағы сауда алаңдары Қазақстанда бүгінге дейін болған емес. Келешекте бұл жоба еліміздің басқа өңірлерінде де қолға алынбақшы.

Дарын Нұрсапаров